

ӘЛЕУМЕТТАНУ НЕГІЗДЕРІ

Әлеуметтік қарым-қатынастар. 2-бөлім





Дәрістің мақсаты: әлеуметтік топтарда кездесетін төрт негізгі әлеуметтік процесті, яғни айырбас пен ынтымақтасуды, бәсеке мен қақтығысты қарастыру. Сонымен қатар, негізгі және қосалқы топтардың ерекшеліктерін, топ көлемінің, бір-біріне жақындығының, байланысқа түсу ерекшеліктері мен бірлігінің топтардың өзара әрекетке түсуіне әсерін талдау.

Негізгі терминдер: әлеуметтік желі, ортаға тартылыс, мықты байланыстар, әлсіз байланыстар, бюрократия, ұжым мәдениеті, макдональдтандыру.

Әлеуметтік желілер

Әр адамның мықты және әлсіз байланыстардан тұратын әлеуметтік желілері бар. Әдетте біз көмекке қатты мұқтаж болғанда өзіміз сенім арта алатын адамдармен тығыз байланыс орнатамыз. Әлсіз байланыстар жұмыс іздеу сияқты кең ауқымды әлеуметтік желіге шығу керек болған кезде пайдалы. Әдетте ұзақ жыл бойы білім алған адамдардың жалпы тығыз байланысы да, ықпалды адамдармен тығыз байланысы да мықты болады.

Мықты байланыстар – тығыз қарым-қатынаспен, эмоциялардың қарқындылығымен және оларды өзара бөлісумен сипатталатын қарым-қатынас.

Әлсіз байланыстар эмоцияларды білдіруде арақашықтықтың сақталуымен, қарым-қатынастардың төмен қарқындылығымен сипатталатын байланыстар болып табылады. Әріптестер, көршілер, клуб мүшелері, қашықтағы жиен-бауырлар мен туыстар осы санатқа жатады.

Байланыстар мен топтар

Еріктілер қауымдастықтары – мүдделері ортақ адамдардың басын қосатын, табыс таппайтын топтар. Олар негізгі топтардың кейбір экспрессивті функцияларын қосымша топтардың құралдық функцияларымен біріктіреді. Адамдар тығыз, өзара мүдделес тораптарға қосылып, қауымдастық құрады. Қауымдастықтың ішіндегі әлеуметтік байланыстар салыстырмалы түрде әлсіз болған күннің өзінде де өз мүшелеріне көп әсер етеді.

Кешенді ұйымдар – қалыптасқан мәртебелік тармақтары бар үлкен ресми ұйымдар. Бюрократия – тиімділікті барынша арттыру мақсатында құрылған күрделі ұйымдар. Бюрократия әдетте еңбекті бөлу; иерархиялық билік; ережелер мен қағидалар; адамгершіліктен ада әлеуметтік қатынастар; мансапқа, қызметтің уақытшалығына, біліктілікке назар аудару; тиімділікке баса назар аудару сияқты ерекшеліктерімен сипатталады.

Қазіргі заманғы ұйымдардың көбі бюрократиялық үлгіге негізделгеніне қарамастан, біразы классикалық үлгіден әлдеқайда алшақ. Макдональдтандыруды сынаушылар: «Бюрократияның ұтымдылыққа баса мән беруінің иррационал зардаптары болуы мүмкін», – дейді. Оның үстіне, тиімді бюрократиялардың барлығы қызметкерлерді беріле жұмыс істеуге ынталандырып, ұжымдық мақсаттарға жету үшін ұйымның негізі болатын нормалар мен құндылықтарға, яғни ұжым мәдениетіне сүйенуі керек.

Әлеуметтік желі – жеке адамдардың арасындағы қатынастардың жиынтығы.

Ортаға тартылыс – адамның басқалармен тікелей немесе жанама байланыстарының санын білдіреді.

Мықты байланыстар – тығыз қарым-қатынаспен, эмоционалдық қарқындылықпен және оларды ортақ пайдаланумен сипатталатын қатынастар.

Әлсіз байланыстар – қарқындылығы төмендігімен, тығыз қарым-қатынас болмауымен сипатталатын қатынастар.

Ұжым мәдениеті – ұйымда жұмыстың жүзеге асырылу тәртібін анықтайтын нормалар мен құндылықтар.

Макдональдтандыру – бюрократиялардың көп түрінің жылдам тамақтану дәмханаларын үлгі етіп, менеджмент әдістерін солардан көшіріп алу процесі.



Дербес жұмыстарға арналған тапсырмалар

1. Күрделі әлеуметтік ұйымдардың қазіргі қоғамда ойнайтын рөлін қарастырыңыз.
2. Бюрократияның М. Вебер ұсынған идеалды типінің негізгі белгілерін сипаттаңыз.
3. Мықты және әлсіз байланыстардың арақатынасын анықтаңыз.
4. «Макдональдс» дәмханалары басшылыққа алатын негізгі қағидаларды талдаңыз.

Бақылау және талқылау сұрақтары

1. Facebook сияқты әлеуметтік тораптар негізгі топтар ма, әлде қосымша топтар ма? Олар топтық бірлікке бастай ма?
2. Жұмыс іздеп жүрген танысыңызға көмектесуге тырысып жүрсіз делік. Мұнда қуатты және әлсіз байланыстарыңыздың қандай пайдасы тиюі мүмкін?

Қосымша әдебиет және ақпарат көздері

1. Ритцер Дж., Степнички Дж., Әлеуметтану теориясы. – Алматы: «Ұлттық аударма бюросы» қоғамдық қоры, 2018. – 856 бет.
2. Бринкерхоф Д., Уэйтс Р., Ортега С., Әлеуметтану негіздері. 9-басылым. – Алматы: Ұлттық аударма бюросы, 2018. – 464 б.
3. Granovetter M., The Strength of Weak Ties // American Journal of Sociology, 1973, Vol. 78, No. 6. – P. 1360–1380.
4. Ритцер Дж., Макдональдизация общества. – М.: Издательская и консалтинговая группа «Праксис», 2011. – 592 с.